



Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 29 қыркүйек N 1076. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.05. N 927 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, қызметкерлерінің саны 161 адам шегінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, оның ішінде министрдің бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ құрамында 11 адамы бар алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің орталық аппараты үшін 5 қызмет жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 29 қыркүйектегі
N 1076 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі

орталық аппаратының

Құрылымы

Басшылық

Жалпы орта білім және мектеп жасына дейінгі тәрбие

оқу-әдістемелік бас басқармасы

Жоғары және арнаулы орта білім оқу-әдістемелік бас басқармасы

Экономика, қаржы және әлеуметтік қорғау бас басқармасы

Кәсіптік-техникалық білім оқу-әдістемелік басқармасы (жетекші)

Халықаралық байланыстар басқармасы (жетекші)

Ұйымдастыру жұмысы басқармасы
Басшы, ғылыми және педагогикалық кадрлар бөлімі
Гуманитарлық білім және тәрбие жұмысы бөлімі
Жаңа білімдік технологиялар және ғылыми-зерттеу жұмыстарын
үйлестіру бөлімі
Мемлекеттік және бақа тілдерді дамытуды үйлестіру бөлімі
Бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру бөлімі
Күрделі құрылыс және жөндеу бөлімі
Әскери даярлық, азаматтық қорғаныс және арнайы жұмыс секторы